

18 мамыр,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН: АУЫЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫН СЕЗІНУІ КЕРЕК!

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ОБЛЫС ӘКІМІ ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНА КЕЛДІ. САПАРЫ БАРЫСЫНДА ОҢДАСЫН СЕЙІЛҰЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫМЕН ТАНЫСТЫ. ӨНІР БАСШЫСЫ БАРҒАН САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ 2154 АДАМ ТҰРСА, ОЛАРДЫҢ 1190-Ы ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН БЕЛСЕНДІ ЖАСТА, 590 АДАМ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН, 273 ЗЕЙНЕТКЕР, 492 АДАМ ӨЗІН ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП ОТЫР. ҮШ ЖІС, 39 ЖЕКЕ КӘСІПКЕР, 45 ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ ЖӘНЕ Т.Б. ЖҰМЫС ЖАСАП ЖАТЫР. СОЛАРДЫҢ БІРІ 2000 ЖЫЛДАН БЕРІ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН «НҰР АСЫЛ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ. «НҰР-АСЫЛ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ АМАНҒАЛИ ӨМІРҒАЛИ ОБЛЫСТА АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЕДІЛБАЙ ҚОЙЫН ӨСІРУШІ РЕТІНДЕ ТАНЫМАЛ. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ОНЫҢ ОТАРЫНДА 1000-НАН АСТАМ САУЛЫҚ ҚОЙ БАР. ЖАҢА ІСТІ 2000 ЖЫЛЫ ҚОЛҒА АЛҒАН КӘСІПКЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРАДА ОН БЕС ЖЫЛ ӨТКЕНДЕ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МӨРТЕБЕСІ БЕРІЛГЕН. БҮГІНДЕ ОЛ ЖЫЛЫНА 400-500 ҰРҒАШЫ ТОҚТЫ САТУҒА ШЫҒАРАДЫ. АМАНҒАЛИ ӨМІРҒАЛИ ОБЛЫС ӘКІМІНЕ ӨЗДЕРІНІҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫ ТУРАЛЫ АЙТА КЕЛІП, ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРҒАНМЕН ҚАТАР, ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ДА ТИІСТІ ҚОЛДАУЛАР ЖӨНІНДЕ ОЙ БӨЛІСТІ. ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН БҮЛ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ САЛАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІП ЖАТҚАНЫН АЙТТЫ.



Шаруашылық жетекшісі Аманғали Исағалиұлымен тілдескен өңір басшысы мемлекеттің ұсынып отырған бағдарламаларға қатысу арқылы шаруашылықтың ауқымын ұлғайту туралы ұсыныстарын жеткізді. Бил-

жылы мал азығы үшін егілетін дақылдарға көңіл бөліп, жоңышқа өсіруді қолға алды. Оған жағдай да бар. 1600 гектардың 130 гектары — суармалы алқап. Тауу күнде жоғарыда айтылған 200 гектар суармалы алқап және

аллеясы» болды. Жаңа демалыс аймағы орталық аурухана жұмысының арқасында ашылды. Мұнда Оңдасын Оразалин шырша отырғанды. Орталық аудандық ауруханаға жүктіліктің ерте кезеңінде ұрықтың

мердігер мекемесі 110-125 шақырым жерге орташа жөндеу жүргізіп жатқан «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» автокөлік жолын қарап шықты. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы өкілдері жұмыс сапасын тексеру үшін Оңдасын Оразалиннің көзінше сынама алды. Жылжымалы зертхана экспертизасының нәтижесі асфальтбетон жабындысының барлық стандарттарға сәйкес екендігін көрсетті. Бұл ретте облыс әкімі мердігер мекеменің жұмысты белгіленген мерзімде аяқтамағанына наразылығын білдіріп, жұмысты тез аяқтауды тапсырды. Ол мердігерлерге: «Өңірде жүзеге асырылып жатқан барлық жол жобалары менің үнемі бақылауымда. Жол мәселесі біздің облыс үшін өзектілердің бірі болып қала береді. Сіздердің міндеттеріңіз өздеріңізге алған міндеттерді сапалы өрі мерзімінде орындау. Олай болмаған жағдайда бәрін қайта жасауға тура келеді», - деп ескертті. Ш.Берсиев атындағы ауылдық округте өңір басшысы «Ақжол М» ШҚ-да болды. Қожалықта 150 бас ірі қара мал бар, оның ішінде 88 асыл тұқымды сауын сиыр, 80 жылқы. «Ақжол М» мемлекеттік қолдауды белсенді қолданады. «Сыбаға», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары аясында 16,5 млн. теңгеге несие алып, «ҚазАгроқаржы» АҚ қаржысына МТЗ-1 трактор сатып алды.

Облыс басшысы Ойыл ауданына сапары барысында селолық елді мекендерде мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы барысы мен сапасына ерекше назар аударды.



тыр қожалық «ҚазАгроқаржы» қаржысы есебінен 9,5 млн. теңгеге арнайы техникалар жаңартылып, ауыл-шаруашылығы агрегаттарын сатып алынды.

Оңдасын Оразалин сондай-ақ, 1600 гектар аумағы бар, оның 130 гектары суармалы жер, өсімдік және мал шаруашылығымен айналысып отырған «Спарта» шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Биыл көсіпкер Спартак Төремұратов 30 гектар жерге жоңышқа мен көкөніс өсіруді жоспарлап отыр. Оның бұл бағытта тәжірибесі бар, өткен жылы ол 350 тонна бақша дақылдарын алды, биыл жемісін өндірісін де дамытуды қолға алып отыр. Өзінің қажеттілігінен артық өнім көрші Атырау облысына сатылмақ.

«Спарта» шаруа қожалығының жетекшісі Спартак Төремұратовтың қарбыздары қазір облыс көлемінде сұранысқа ие. Маусымдық жұмыстарға 5 жұмысшы тартылды.

«Қазақ су шаруашылығы» кәсіпорны Батыс Қазақстан филиалының мамандары «Спарта» шаруа қожалығының тағы да 200 гектар жерін суландыру үшін инфрақұрылымдар жүргізуде. Бұл суармалы алқап жоңышқа өсіруге пайдаланылады.

«Спарта» шаруа қожалығы сонымен бірге мал шаруашылығымен де шұғылданады. Сондықтан да биылғы

пайдалануға беріледі.

Облыс басшысы бұл шаруаларға ыразашылығын білдірді.

— Мемлекет ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне субсидия, кепілдік және басқа тетіктер арқылы үнемі қолдау көрсетеді, — деп сендірді Оңдасын Оразалин. — Сіздердің тірліктеріңіз арқылы ауыл адамдарының мал шаруашылығымен шұғылданыуға көбірек бетбұрыс жасай бастағанына тағы бір мөрте көз жеткіздік. Қазір төрт түлік малды да көбейтуге ықылас байқалады, сондықтан да жайылымдықтар мәселесін оңтайлы шешу керек. Осыған байланысты жайылымдықтарды суландыруға көбірек көңіл бөлуіміз қажет.

Аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ойыл ауданының дамуы, сонымен қатар, тұрғындардың өмір сапасын көтеру шаралары туралы баяндады. Ойыл ауданында өңір басшысы Н.Оноприенко көшесінің орташа жөндеуінің жұмысының барысымен танысты. Жалпы, аудан орталығында 108,5 млн. теңгеге ұзындығы 2,3 шақырым болатын бес көше жөнделіп жатыр. Ойыл селосындағы жол құрылысы биылғы жылдың соңына дейін аяқталады. Келесі нысан Ойыл ауылында «Туған жерге тағзым» акциясы аясында жасқалған «Денсаулық»

сырқатын анықтайтын фетальді монитор берілді. Құны 1,7 млн. теңге болатын жабдық бюджет қаражатынан тыс ақшаға сатып алынды. Өңір басшысы аудан басшылығына сани-



тарлық-эпидемиологиялық жағдайды қадағалауды күшейтуді, тұрғындар арасында еkle жөнінде түсіндіру жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Сондай-ақ, облыс әкімі облыстық маңызы бар «Ақпан-2030» ЖШС

Облыс басшысы Ойыл ауданына сапары барысында селолық елді мекендерде мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы барысы мен сапасына ерекше назар аударды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ЖҰМЫСШЫ ТОП «КӨПТОҒАЙ АУЫЛЫНА КІРЕБЕРІС» ЖОЛ МЕН «ШҮБАРШИ АУЫЛЫНА КІРЕБЕРІС» ЖОЛЫ, «ОЙЫЛ-ҚАРАОЙ» АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫНА ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗДІ.



«Ойыл-Қараой» жолының 0-15 км, 15-30 км учаскесі, «Көптоғай ауылына кіреберіс» жолының 0-22 км, «Шұбарши ауылына кіреберіс» жолының 0-15,2 км орташа жөндеу жұмыстары пилоттық жоба ретінде стабилизатор сұйықтығымен басталған болатын.

Бұл жоба канадалық әдіспен жасалуда. Дегенмен де 2021 жылдың көктем айында жасалған учаскілер қыста жауған қар еріген кезде жолдың бетіндегі қатқалдандырылған бөлігі езіліп кетті. Осы мәселе бойынша мердігер компанияға ескерту айтылғандығы және не себептен күтілген нәтиже болмағандығын анықтау мақсатында сұйықтық сатып алған фирмаға хат жолдап, жауабын талап етті. Сұйықтықты сататын фирма өкілі ескертусіз экспертиза жасап жолды қанағаттанарлық жағдайда деген біржақты шешім шығарғандығы жөнін-

де жұмысшы топтың партиялық бақылауы барысында Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолдар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы Танат Нұрымгереев мердігер компаниямен туындаған келіспеушіліктерді атап өтті.

Бүгінде бұл жоба күмән келтіруде. «Канадалық әдіс» осы ретпен жалғаса беретін болса, алдағы көктемде тағы да жол бетінің қатқалы езіліп кетуі мүмкін. Бұл жол 2021 жылы пайдалануға берілген күннің өзінде ешқандай сапасы болмайтындығы жөнінде партиялық бақылау комиссиясының жаңынан құрылған жұмысшы топ қорытынды жасады. Осы орайда жедел түрде, алдын алу шараларын ұйымдастыру туралы құзырлы мекеме басшыларына және мердігер компанияға ескерту жасалып, ұсыным берілді.

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ - САУАПТЫ ІС



Жер тоңы жібіп, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу-сауапты іс. Қазақт «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген аталы сөз бар. Асыл дініміз бойынша да жеміс ағаштарын егу сауапты амал. Егілген жеміс ағаштарының жемістерін тек адам ғана емес, жәндіктер мен құстарда жесе, сауап болады. Сауапты істі жүзеге асыру, туған жерімізді көркейтп, жасыл желекке айдалдыру мақсатында қасиетті Рамазан айында Ақкемер аулымыздың іргесіндегі «Жалғыз тал» бұлағының жанына жеміс ағаштары отырғызылды. Осындай игі іс шараға аулымыздың белсенді азаматтары Талдыбаев Жолдыбай, Мейірманов Базар, Қайырғазин Аманжан ағаларымыздың бастамасымен іске асты.

Гүлнәр ЖАКИБЕВА,
Ақтөбе қаласы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚОҒАМДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«17» мамыр 2021 жыл

№ 4

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың кезекті төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН:

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті төртінші сессиясы 2021 жылдың 1 маусымы күні сағат 11.00-де аудан өкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. 2020 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы Баяндамашы: Өділханов Б. - аудандық қаржы бөлімінің басшысы

2. 2020 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы

Хабарламашы: Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы

3. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 27 қыркүйектегі №332 «Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешімінің ауданда орындалуы туралы» шешімінің орындалуы туралы

Хабарламашы: Дәулетқалиев С.Т. - Ойыл аудандық округінің әкімі

4. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: А.Қ.Ғазез

